



БҰЙРЫҚ

№ 10.08.2017
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 64
город Шымкент

**Білім беру ұйымдарында
Қамқоршылық кеңес құру
туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабы 9-тармағында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік жатидалары негізінде білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңес мүшелері №1-160 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Білім мекемелерінің бірінші басшылары осы бұйрықтың орындалуын қадағалауға алып Қамқоршылық кеңестің хатшысын тағайындасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын орта білім беруді және тәрбие жұмысын дамыту, қосымша білім беру бөлімінің баспасы М.Абдиримовнаға жүктелсін.

5. Осы бұйрықты қадағалау басқарма басшысының орынбасары К.Уалихановнаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Ж. Тажиева



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
А.Түркібаев

Қамқоршылық кеңесінің жылдық ЖОСПАРЫ 2023-2024 оқу жылы

№	Атырылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, шегісіз бағыттарды анықтау.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
3	Мектептегілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
4	Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
5	Жалпы мектепшілік ата-аналар кеңестері мен қамқоршылық кеңесінің бірлескен жұмысы.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	1-10 сынып оқушыларының әр төрттен сайын «Мектепшілік бақылау» сынамаларын алу барысын бақылау.	Төрттен сайын	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
8	Дарынды балаларды қолдау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
9	Мектеп оқушыларына әлеуметтік қолдау көрсету. «Мектепке жол», «Қамқоршылық т.с.с. қайырымдылық акцияларын өткізуге ат салысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
10	Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтыған отбасылардан шыққан балалардың жетім депталысын ұйымдастыруға көмек көрсету.	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
11	Психологиялық көмек – білім сапасын көтерудің алғы шарты (оқушылармен барлық психологиялық бағыттарды жұмыс жасау барысына қатысу).	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
12	Мектептік өлең беру жиналысына қатысу	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
13	Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі.	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Дайындаған:  С.А.Кучумбаева



Бекітемін

Мектеп директорының у.м.б.

А.Тұрдабеков

Қамқоршылық кеңесі отырысының жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Орындалатын жұмыстар	Мерізі	Жауапты
I-отырыс			
1	Қамқоршылық кеңес тарапынан сайлау және кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы. Кеңес мүшелерінің міндеттерін тағайындау (тарапынан орынбасары жауапты хаттам)	қыркүйек	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Мектеп директорының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі		Мектеп директоры
3	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарын бекіту туралы		Қамқоршылық кеңес мүшелері
II-отырыс			
1	Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстарымен танысу, талқылау	желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету (ақша және мерекесінде сыйлыстар беру) мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру		
III-отырыс			
1	Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін енгізу үлесінің барысымен танысу	ақпан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Наурыз мерекесін ұйымдастыру		Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
4-отырыс			
1	Оқу материалдық базасының сақталуы және үнемі жаңғыртуды қамтамасыз ету	сәуір	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Оқу жылының аяқталуына қамтамасыз ету шаралары(салтанатты аяқталу, дипломдар, мектеп бітіру кештері)		
5-отырыс			
1	«Қамқоршылық кеңесінің» оқу жылына қайта талдау және бағаланған нәтижелер	мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Түрлі санаттағы балалардың жаңғырту мақсатымен ұйымдастыру іс-шаралары		Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Шымкент қаласы № 138 жалпы орта білім беретін мектебі
қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

15.09.2023ж.

Шымкент қаласы

Қатысқаны:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Фазилов Мусабек Байбүрісевич

Кеңестің мүшелері:

2. Шымкент қаласы Білім, спорт және

мәдениет кәсіпкерлер одағының төрағасы: Жүсімбаев Мұрат Бекмұратұлы

3. Ауыл бні:

Шынасилов Тұрдалы Джарикбасович

4. №1 Қалалық клиникалық
балалар ауруханасы Емдік дене
шынықтыру маманы:

Қашыбекова Айгерім Сапарқызы

5. Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Абишова Гауһар

6. Зейнеткер:

Баубеков Мухаметали Гудимович

7. Зейнеткер ұстаз:

Ташнев Талғат Айдарович

8. Зейнеткер дәрігер:

Алтынбеков Тұрлыбек Жүсіпбекович

9. Ішкі істер қызметкері:

Исмайлов Сейдрахым Амангелдиевич

10. Зейнеткер:

Бердибеков Рахматулла Эркабасович

11. Жеке кәсіпкер:

Төлеушов Ернұр Лесбайұлы

Кеңес хатшысы:

Жардамбаева Айтөлкын Бегайдарқызы

Мектеп әкімшілігі

Барлығы 16 адам

I. Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау және кеңес мүшелері құрамын
қайта бекіту туралы

2. Кеңес мүшелерінің міндеттерімен таныстыру (төраға, орынбасары)

3. Құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу, сыбайлас жемқорлықтың алдын
алу шаралары

Тыңдалды:

1. «Білім туралы» 2007жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 44-бабы 9-тармағында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының 6-тармағына және Шымкент қаласы білім басқармасының 06.09.2023жылғы №64 бұйрығына сәйкес Шымкент қаласы білім басқармасы №138 жалпы білім беретін мектебінде Қамқоршылық кеңес мүшелерін қайта сайлау және құру

Жиналысты мектеп директорынын у.м.а. А.Турлыбеков ашып, күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталып, қамқоршылық кеңестің жаңа құрамымен таныстырады. Қамқоршылық кеңес мүшесіне 11 адам тағайындалды.

Қамқоршылық кеңестің алғашқы отырысына қатысқан мүшелер дауысқа салып, Фазиллов Мусабек Байбурнесовті бірауыздан қамқоршылық кеңес төрағасы ету туралы шешім қабылдады.

Қамқоршылық кеңестің жұмысына алғыс білдіріп, мектеп директоры ата-ана және оқушылар мүддесін қорғап, мектеп өмірін жақсартуға белсенді қатысқандарының үшін өз алғысымды білдіретіндігін айта келе сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Баубеков Мухаметали Гулинович сөз алып, кеңес мүшесінің міндеттерімен таныстырып өтті. №138 жалпы орта білім беретін мектепте жұмыс жасап және аз да болса жардем тигізгенімізге рақметімізді айтып, алдағы Қамқоршылық кеңес жұмысына сәттілік тіледі.

3. Үшінші мәселе бойынша мектеп директорынын у.м.а. А. Турлыбеков сөз алып, құқықтық тәрбие, жұмыстарын жүргізу, жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша 5-11 сынып аралығында «Адалдық сағаты» сынып сағаттарын өткізу туралы баяндады. Ол өз сөзінде бітіруші 4,9,11-сыныптардың қоштасу кештерге, бағалы сыйлық алуға, қала кештеріне баруға, ата-ана тарапынан ақша жинауға қатысатын жұмыстарын көшенді түрде жүргізілетіндігін, аталған мәселе сынып жетекшілерге, ОБ жетекшілер мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелетіндігін атап өтті.

Шешім:

1. Құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша 5-11 сыныптар аралығында «Адалдық сағаты» сынып сағаттары жүргізілсін.

2. Бітіруші 4-9-11 сыныптарының қоштасу кештерге ата-ана жинауға «Бағалы сыйлық, отырыс кештерге баруға қатын тыйым салу» жұмыстарын жүргізу, сынып жетекшілер және ОБ жетекшілері директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.

3. Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Фазиллов Мусабек Байбурнесович

Кеңес хатшысы:  Жардамбаева Айтолқын Бегайдарқызы

**Шымкент қаласының білім басқармасының
№138 жалпы құта білім беретін мектебі
қоғамдық мемлекеттік мекемесі**

**«Қамқоршылық кеңесінің»
№ Ізаттамасы**

2024 жылғы 5 қаңтар
Шымкент қаласы

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесі құрамы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Фәтилов Мұсабек - қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Баубеков Мұхамедәлі – қамқоршылық кеңесінің төрағасы,
3. Шынысқлов Тұрпалы -төраға орынбасары
4. Абишева Гауһар - қамқоршылық кеңесінің мүшесі

КҮН ТӨРТІБІ:

1. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрық 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жөнелген санаттарына тегін және жөнделетінген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын, Шымкент қалалық білім басқармасының берілген тәртібімені, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадғы № 2 Жарлығы «Әлеуметтік оқал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету» туралы 77 қосымшасы бойынша мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

ТЫНДАЛДЫ: Мәселе бойынша ол атан қамқоршылық кеңесінің төрағасы М.Фәтилов ҚР Үкіметінің 12.03.2012ж. № 320 қаузы негізінде «Әлеуметтік қамсыз көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік қолдау мөлшерін, еңдерін, тұрларын және оны беру қағидаларының» 3-тармақ, 2-тармақшасының талаптарына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жөнелген санаттарына тегін және жөнделетінген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадғы № 2 Жарлығы «Әлеуметтік оқал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету» туралы 77 қосымшасын, Шымкент қалалық білім басқармасының берілген тәртібімені таныстырып өтті.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жөнелген санаттарына тегін және жөнделетінген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын көрсетілген мәртебеге сай отбасылардан шыққан 818 оқушының 2023 жылдың 9 қаңтарынан бастап ҚББ берілген тәртібіменге сай бір мәсін ыстық тамақпен қамтылып келгеніне, Шымкент қаласы әкімінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Шымкент қаласындағы білім беру ұйымдарында 1-4 сынып білім алушыларын тегін мектеп тағамымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы қала әкімінің №1424 қаулымен негізінде білім беру ұйымдарында

өкілетіні айтып өтті. 2024 жылдан бастап барлық бастауыш сынып оқушылар енді ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашаның № 2 жарлығымен 77 қосымшасында көрсетілген тапал бойынша тамақтанылатын, 2024 жылдан бастап тәртіптен бойынша тамақтанытын оқушылар санында да айырмашылықтар бар екенін де ескертіп өтті.

Ол оған қатыстыраша М.Фазылов 2023-2024 оқу жылының қаңтар айынан бастап, ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімінде өзгерістер болатын айтып, негізгі әлеуметтік педагогы М.Құрманбаева қосымша «Жалпы білім беретін мекемелердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жоқталған саңаттарына тегін және жөнделетін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш жасаған ата-аналардың құжаттарын қамқоршылық мүшелеріне ұсынды. 2024 жылдың 3 қаңтарынан бастап негізгімен ыстық тамақпен беріле бастайтынын айтып, ата-аналардан көлім түскен өтініштерді қарап, құжаттардың мемлекеттік стандартқа сай екендігіне көз жеткізіп, мемлекеттік қызметке ұсынылатын оқушыларды анықтау керектігін айтып өтті. Құжаттардың талаптарға сай болуын қамтамасыз қамқоршылық комиссия жұмыс істейтін отыратын жұмыс екендігін ескертіп, жауапкершіліктен аудару керектігін ескертілді.

ТЫҢДАЛДЫ: Мәжіліс бойынша оған алтын Қамқоршылық комиссия мүшесі Т.Шинкискин ең соңында Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ата-ана тарапынан ұсынылған әрбір өтінішке, құжатқа мұқият назар аудару керектігін ескертіп өтті.

ТЫҢДАЛДЫ: Мәжіліс бойынша оған алтын комиссия мүшесі Г.Абышев әкімдік кеңсінде ата-аналарға да жұмыс тауып, балаларының сабақта баруына жағдай жасау қажетті соғып жатқанын, хәттегі ата-аналардың осы кеңсеге жұмысқа келіп, немесе жұмыстары қысқарып, отбасына кіретін тамақпен мемлекет қызметіне аламын жететінін айта келе, ата-аналарға алынған құжаттарды тексеру қажетті тудырып жеткен жағдайда дер кезінде талапқа сай құжаттарды өткізі қажетті, бірақ әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылардың отбасыларына барып зерделеу жұмыстарын жүргізіп, олар мәнінде жағдайы төмен болса қамқоршылық комиссия тарапынан ыстық тамақпен қамтылуда немесе мемлекеттік ұсынуға болатындығын айтып өтті және Ү сәт бойынша білім беру ұйымының атқалы басқару органы айқындалған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ең де саңаттарына жететін балалар үшін, отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайына тосару үшін комиссия мүшелері мен мәтін ағымдылығын қараптан комиссия құру керектігін, ол комиссияның мақсаты алынған оқушылардың үйлеріне барып, жағдайларын өз көздерімен көріп, танысып, тұрғын үй АКТ жасау керектігін айтып, комиссия құрамына төмендегі адамдарды ұсынды.

1. Қамқоршылық мүшелері: М.Фазылов
2. Т.Шинкискин
3. Мемлекеттік әлеуметтік педагогы А.Құрманбаева

ТЫҢДАЛДЫ: Жарыс сәтте шығып оған алтын комиссия мүшесі еліміздің болашағы жоқ бүлдіршілердің сәтталы білім алуы ең бірінші әлеуметтік жағдайға байланысты екендігін, айта келе оқушылардың әлеуметтік жағдайы үшін жасалатын жұмысты бір ауылдан қолдайтындығын жеткізді.

ТЫҢДАЛДЫ: Жарыс сәтте шыққан комиссия мүшесі Г.Абышев қамқоршылық комиссияның мақсаты: білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құжаттарының сақталуына, сонанмен қатар білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздіктің қамқоршылық жасауына қажетті бақылауды жүзеге асырады; қауіпсіздіктің қамқоршылық түрінде білім беру ұйымдарына түскен қауіптің бетіне қатысады және оның мақсаты жұмыс туралы еліміз қауіпсіздігі, білім беру ұйымының бюджетін қамқоршылық барысында ұсыныстарды етірмейді деп көрсетілген, яғни осы алынған қаражатты орындай жасау мақсатында, бөлінген қаражаның осы мақсатқа ақ қамтылған оқушыларына жұмыс орындай комиссия екендігін айтып. Және мәтін комиссия жалға алушы есебінен жағдайы төмен бірақ атаулы комиссиялар алуға отбасына кіретін тамақ көлі алып кетіп

өткен кейбір отбасыларды өз қаражаты есебінен тамақтандыруға жеткізіп отырғанын жеткізді. Егер де осындай отбасылар анықталып жатқан жағдайда мектеп әлеуметтік педагогы М.Құрманбаеваға ақшаны жалға алуы есебінен тамақтандырып отыратынын жеткізді.

Қамқоршылық кеңесі мүшелері, құжаттарды қарай келе, ұсынылған құжаттардың ішінен талашқа сай және әлеуметтік жағдайы қиынырақ әрі ететін отбасыдан шыққан төмендегі оқушылардан құралған төмендегі тізімді ұсынды. (тізім қосымша тіркелді)

Жалпы аурыз беру бойынша ішкісіз барлық мүшелері тізімдегі ұсынылған оқушылардың ата-аналарынан келіп түскен құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай екенін айта келе, тізімді көрсетілген аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларды, және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы «Әлеуметтік оқал отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды білім беру ұйымдарында тегін тамақпен, барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету» туралы 77 жолданысы бойынша барлық бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтуға ішкісіз етті.

Шешім:

1. «Мемлекеттік білім» қорынан бөлінген қаражы шығысына төмендегі көрсетілген 129 аз қамтылған отбасыдан шыққан 1-11 сынып оқушылары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы бойынша барлық 1-4 бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен 08.01.- 25. 25. 2024 ж аралығында қамтамасыз ету. (тізім қосымша тіркелді)
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың жете бойынша тамақтандыру қалыптау сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. Мектеп жиналысында көпшілік ұйымдастыру ДТЖКО Б.С.Алимовқа жүктелсін.
4. Тізімге ұсынылған аз қамтылған отбасыдан шыққан, мәртебегі не 5- 11 сынып оқушыларының құжаттарын ресімдеу, тізімді жасау тамақтандыру талшықтарымен қамтамасыз ету әлеуметтік педагогы М.Құрманбаеваға жүктелсін.
5. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін бастауыш сынып оқушыларының тізімін, бастауыш сынып оқушыларының тамақтандыру кестесін жасау ДТЖКО Ж.Аманжолбаеваға жүктелсін.
6. Жас ерекшеліктеріне байланысты қаражы құдарымен жүргізу мектеп бухгалтері Д.Айдарбековқа жүктелсін.
7. Ыстық тамақпен ұйымдастырылуын, ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттарының мемлекеттік қызметке сай ресімделуін қалыптау, ҰБДҚ-на тіркеу ДТЖКО оралбасары А.Т.Тұрлыбековқа жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесі құрамы:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: М.Фалилов
2. Т.Шығайұлы
3. Г.Алимова
4. М.Баубаев

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 19 желтоқсан 2023жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңестің құрамы:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Фазилов Мүсібек -қамқоршылық кеңес төрағасы

Баубеков Мұхамедали -қамқоршылық кеңес мүшесі

Шынасилов Тұрдалы -төраға орынбасары

Абишева Гаухар- ата аналар комитетінің мүшесі

Мектеп әкімшілігі

Барлығы: 12 адам

Күн тәртібіне:

1.Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмыстармен танысу,талқылау

2. Дарынды балаларды қолдау және тұрмысы төмен,аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету (жаңа жыл мерекесінде сыйлықтар беру) мақсатында іс-шара ұйымдастыру

Қай жерде қаралады: Қамқоршылық кеңесте

Бақылау түрі: Тақырыптық

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының у.м.д А.Турлыбеков сөз сөйледі. 1 жарты жылдықта атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде есеп берді.

Оқу жылының басынан бастап дәстүрлі оқу форматына оралған оқушылардың белсенділігі мен танымдық-қызығушылықтарына қолдау көрсету мақсатында қыркүйектің әр аптасында санитарлық талаптарды сақтай отырып , белгілі бір тақырыптармен бекітілген оқу-тәрбиелік іс шараларын жүзеге асыру жоспар бойынша өткізілуде.

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету мақсатында мектеп ұжымы тарапынан 15 оқушыға көмек тауары, 3 оқушыға мектеп формасы берілді. Жалпы білім беру қорынан 18 оқушыға көмек көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша , мектептің оқушылары

халықаралық,республикалық,облыстық және аудандық байқауларға қатысып

дәрежелі дипломдармен марапатталуда. Сонымен қатар мектепшілік тәрбиелік іс-шаралар мен түрлі форматтағы байқаулар ұйымдастырылып оқушылар ғылымдармен марапатталуда.

Шешім

1. Дарынды балаларды қолдау мақсатында атқарылатын жұмысын жақсы деп бағалаусын ;
2. Мектеп бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынған, аз қамтылған оқушылардың қолдау және көмек көрсету, жыл бойы бұл тізімдегі балалармен атқарылған жұмыстар қамқоршылық кеңесі тарапында бақылауда болсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Фазиллов Мұсабек

Хатшы:  С.А.Кулшыкбаева

Шымкент қаласы 19130 мектеп орта білім үйі
қамқоршылық кеңес отырысының
№ 5 хаттамасы

31.05.2024ж.

Шымкент қаласы

Қатысқаны:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Фазылов Мусабек Байбурноевич

Кеңестің мүшелері:

2. Ауыл бөлі:

Шынасилов Тұрдалы Джарикбасович

3. Зейнеткер:

Баубеков Мухаметали Гудиевич

4. Зейнеткер ұстаз:

Тапшев Талғат Айдарович

5. Зейнеткер дәрігер:

Алтынбеков Тұрлыбек Жүнісбекович

Кеңес хатшысы:

С.А.Кулшыкбаева

Мектеп әкімшілігі

Барлығы 12 адам

1. Күн тәртібіне:

1. 2023 – 2024 оқу жылының жыл бойы атқарылған оқу-тәрбие жұмыс есебі.

2. 2022-2023 оқу жылында бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалтуы және ігерілуі.

3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды жұмысы.

4. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Айдар

Тұрлыбеков сөз алып, 2023-2024 оқу жылының жылдығында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары жөнінде баяндады. Жалпы оқу жылын 1868 оқушы, ал 2-11 сыныпта 1556 оқушы IV тоқсанның аяқтады. Бастауыш сынып оқушыларының жылдық білім сапасы -54,5 % -ды құрады. 5-7 сынып оқушыларының жылдық білім сапасы – 53,61 %-ды құрады. 118 оқушы үздік, 188 оқушы оқу екпіндісі, 266 оқушы орташа аяқтады, ал 8-11 сыныпта 356 оқушы біліміне баға алды. 65 оқушы оқу отаты, 148 оқушы оқу екпіндісі, 233 оқушы орташа білімдеріне баға алды.

Оқу тәрбие бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кулшыкбаева сөз алып «2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен бірге іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналарға педагогикалық көмдеу орталығын» құру, сондай-ақ «Төңіз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырылды

Аталған іс-шара негізінде сынып жетекшілері ашық тәрбие сағаттарын өткізсе, тақырып аясында қоғам қайраткерлерімен кездесулер болды. «Тәуелсіз елім Қазақстан!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді және «Жас Ұлан» ұйымдарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 32 жылдық мерекесіне арналған аталық аясында «Жөк тудың желбірегені» «Тәуелсіз елім Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары, «Тәуелсіздікті

«ырлаймыз» тақырыбында чөлденжі ұйымдастырылды. Сыныптардың жасаған нәтижелері мектеп «фейсбук» парақшасында жарияланды. Ұлттық дәстүрімізді, достығымызды нығайтуға, қонақжайлылық пен мейірімділікті дәріптеу мақсатында «ДҮСБӨЛІКЕ» достық қолын ұсын Республикалық иқшымсы ұйымдастырылды. Осы иқшымсы аясында 8 сынып оқушылары арасында «Бауырсақ рату» тақырыбында шара өткізілді.

Қазіргі таңда «Балдәурен – 2024» жазғы сауықтыру лагері жұмыс жасап жатқандығы жөнінде баяндалды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Курманбаева сөз алып, 2023-2024 оқу жылының жылдығында Мектебімізде – жалпы 1000 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

ҚР Үкіметтің №64 қаулы бойынша 559 оқушы 163 бағдарлама бойынша, 531 оқушы 159 бағдарлама бойынша тегін ыстық тамақ ішеді. 64 қаулы бойынша біздің мектебімізде мәртебесіне қарай, бір реттік ақшалай көмекті - 560 оқушының ата-анасының жеке есеп шотына әр бір балаға - 41000 теңгеден ақша түгел аударылды. Асхананың жұмыс барысын, дайын тағамның сапасын қадағалап, жерделеу мақсатында мектебімізде брокеражды комиссиясы құрылды. Әр тоқсан сайын мониторинг жүргізіп анықтамасы жасалып отырды. Мектеп медбикесі күнделікті дайын астын сапасын құрамын тексеріп отырады.

3. Үшінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес төрағасы: Фазиллов Мусабек Байбурноевич сөз алып, қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды жұмысы жөнінде айтып өтті.

4. Әртүрлі мәселелерге тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ашимов тоқталып өтті. Қосымбұзушылық бойынша мектебімізде ЖПКБ Ювеналдық полиция бөлімшесінде есепте тұратын оқушы жоқ. Мектепшілік есепте тұратын оқушы жоқ. Суицид-ЖОҚ, Наркодиспансерлік есепте тұратын- ЖОҚ;

Ертежүктілік орын алған –ЖОҚ, Жол-көлік оқиғасы- 1 орын алды.

Төртінші тоқсанда 9Г сыныбына жаңадан келген оқушыға байланысты сөз қозғалды. Анасы Психологиялық ауруханада ем алғандықтан өзінің әкесінің үйіне келгендігін және алдыңғы оқыған мектебінде өзіне өзі қол жұмсау фактісі орын алғаны туралы айтылды. Қазіргі таңда өз әкесімен бірге анасының қолында тұрады. Келесі мәселе бойынша 8Г сыныбында Болаң есімді қыздың анасынан айырылып әкесімен кішкентай жалдамалы пәтерде тұратын оқушының жағдайы қозғалды. Келесі оқу жылында бөлімше көмек көрсетуге тырысу керектігі айтылды.

Шешім:

1. 2023 – 2024 оқу жылының атқарылған оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2023-2024 оқу жылында бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалум және игерілуі жоспарға сай игерілді деп танылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды жұмысы қанағаттанарлық деп танылып, жұмысы әрі қарай жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Фазиллов Мусабек Байбурноевич

Кеңес хатшысы:  Курманбаева С. А.